

**Табиғи ресурстар
және экологиялық
құқық**

**Природоресурсовое
и экологическое
право**

**Natural
resources and
ecology law**

ӨОЖ 336.741.28

Д.Л. Байдельдинов, А.Е. Жатқанбаева,
Н.С. Баимбетов, Г.Т. Айгаринова, А.К. Джангабулова,
Г.Б. Кабанбаева, Р. Ережепқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
заң факультеті, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы,
Қазақстан, Алматы қ.

**«Жасыл» экономикаға өтудің аймақтық саясатының теориялық
және методологиялық негіздері**

Бұл мақалада авторлармен «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыру аясындағы Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға өту және оны жүзеге асыруды құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламасының жобасын әзірлеу ұсынылады. Алға қойылған мақсат жалпы дүниежүзілік қауымдастық және Қазақстан үшін де өзектілігі мен қазіргі таңдағы қажеттілігімен түсіндіріледі. Қазіргі таңда дүниежүзінде «жасыл» экономиканы құру өте өзекті тақырып болып отыр. Қазақстанның болашағы қоғам дамуының барлық тұстарының біртұтастығымен, теңгерімділігімен байланысты. Қазақстан – тұрақты экономикалық дамуды көздейтін, амандықты, денсаулық пен өзінің барлық азаматтары үшін қолайлы қоршаған ортаны көздейтін мемлекет.

Түйін сөздер: жасыл экономика, экологиялық қауіпсіздік, азық-түлік қауіпсіздігі.

D.L. Baideldinov, A.E. Zhatkanbaeva, N.S. Baimbetov,
G.T. Aygarinova, A.K. Dzhangabulova. G.B. Kabanbaeva, R. Erezhepkyzy

**The theoretical and methodological basis for regional policy
of transition to a «green economy»**

In this paper, the authors proposed as part of the "Strategy" Kazakhstan-2050 "to develop a long-term project of the state program of Kazakhstan to ensure the transition to a "green" economy and provide legal support for its implementation. The statement of this goal due to the relevance and topicality of the problem of the world community and Kazakhstan as well. Theme of building a "green" economy today is very relevant in the world. Future of Kazakhstan due to the unity, balance all aspects of society. Kazakhstan - the country achieve sustainable economic growth, prosperity, health, and nurturing environment for all its citizens.

Keywords: Green economy, environment, food security.

Д.Л. Байдельдинов, А.Е. Жатқанбаева, Н.С. Баимбетов,
Г.Т. Айгаринова, А.К. Джангабулова, Г.Б. Кabanбаева, Р. Ережепқызы
**Теоретические и методологические основы региональной политики перехода
к «зеленой экономике»**

В данной статье авторами предлагается в рамках реализации Стратегия «Казахстан-2050» разработка проекта долгосрочной государственной программы по обеспечению Республики Казахстан перехода к «зеленой» экономике и обеспечение правового сопровождения ее реализации. Постановка данной цели обусловлена актуальностью и злободневностью данной проблемы всего мирового сообщества и для Казахстана в том числе. Тема построения "зеленой" экономики сегодня очень актуальна в мире. Будущее Казахстана связано с единством, сбалансированностью всех аспектов развития общества. Казахстан – страна, добивающаяся устойчивого экономического роста, благополучия, здоровья и благоприятной окружающей среды для всех своих граждан.

Ключевые слова: зеленая экономика, экологическая безопасность, продовольственная безопасность.

Қазақстан Республикасының құқықтық дамуында Елбасының 2012 жылы 4 желтоқсанда айтқан «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауымен байланысты жаңа кезең орын алуда» [1]. Тұжырымдамада еліміздің одан әрі ілгері дамуының негізгі бағыттары айқындалған, басты мақсат ретінде 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру көрсетілген. Осы стратегияда үш элементке басты назар аударылған: өндіріс, энергетика және инвестиция. Аталған стратегия энергоресурстар және өзге де ресурстарды ең аз пайдалану арқылы өндірістік экономикалық қызметтің көлемін сақтауды көздейді; пайдаланылатын барлық энергия және ресурстар көздерінің қоршаған ортаға қысым жасауын минимумға жеткізу және инвестицияларды табиғат қорғау қызметі мен экономикалық дамудың қозғаушы күшіне айналдыру үшін шаралар қолдануға бағытталған. Стратегияға сәйкес, Қазақстанның болашағы қоғам дамуының барлық тұстарының біртұтастығымен, теңгерімділігімен байланысты. Қазақстан – тұрақты экономикалық дамуды көздейтін, амандықты, денсаулық пен өзінің барлық азаматтары үшін қолайлы қоршаған ортаны көздейтін мемлекет. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың пікірі бойынша, жердің табиғи ресурстарының шектеулілігі, түгесілуі жағдайында адамзат тарихындағы теңдесі жоқ тұтынудың өсуі әр бағыттағы, келеңсіз де, оң да үдерістерді үдете түседі. ҚР Президентінің негізгі идеяларының бірі болып 2013 жылы «жасыл көпір» халықаралық ұйымын құру, соны-

мен қатар Алматының маңындағы төрт серіктес қалада Green4 жобасын іске асыруды бастау ұсынылып отыр [2].

Соңғы он жылда адамзат бірнеше дағдарысты бастан кешіп отыр: климаттық, биоәртүрлілік, су, отын, азық-түлік. Ал соңғы жылдары әлемде дүниежүзілік қаржы және жалпы экономикалық дағдарыс орын алды. Отын бағасының көтерілуі салдарынан азық-түлік және шикізат тауарларының бағаларының өсуі жойылмаған құрылымдық тәуекелдерді көрсетеді. Өндіріс және ауыл шаруашылығы өндірісі дүниежүзілік көлемінің қалыптан тыс артуы және оған тиісті ресурстар мен пайдалы қазбаларға сұранысты мұнай, газ және өзге де қазып алынатын отын түрлеріне, сондай-ақ энергия бағасының өсуіне қарамастан әрі қарай сақтауды көздейді. Қазіргі экономиканың көпшілік стратегиялары заттай, қаржылық және адам капиталының жедел жиналуын ынталандырады. Алайда бұл табиғат капиталының аса сарқылуы есебінен жүзеге асырылады. Қоршаған ортаны бұза отырып, кез келген жаңа қоғам өзінің болашағын жояды. Болашақ ұрпақтың гүлденуі үшін экологиялық тұрақтылықты сақтау қажет. Экологиялық тұрақты болашақты қамтамасыз ету үшін қоршаған орта жағдайын мұқият бақылау, өндіріс шығарындыларын жою және нормалау, қалдықсыз және ресурс үнемдеуші технологияларды әзірлеу және енгізу қажет. Адамның табиғат заңдылықтарын білмей табиғи байлықтарды пайдалануы көп жағдайда ауыр, түзелмейтін зардаптарға алып келеді.

Жасыл экономика тұрақты дамуды қамтамасыз етеді. Тұрақты даму өзара кешенді

үш компоненттің байланысын көрсетеді – экономикалық, әлеуметтік және экологиялық. «Тұрақты даму» жаңа глобалды саяси-экономикалық тұжырымдаманы білдіреді. Біріккен Ұлттар Ұйымы тұрақты дамудан «қазіргі уақыт қажеттілігін қанағаттандыру, бірақ болашақ ұрпақтың өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіншіліктеріне қауіп-қатер туғызбайтын дамуды» түсіндіреді. Тұрақты даму идеологиясының Қазақстан Республикасы саяси және қоғамдық өмірінің барлық саласына белсенді енуі маңызды болып келеді. Мемлекеттің тұрақты дамуы – қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру және болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіншілігіне қауіп-қатер төндірмеу түрінде дамуы. Тұрақты даму халықтың кедейлік жағдайында орын алмайды, ал кедейлікті тұрақты және дұрыс қоршаған орта жағдайынсыз жою мүмкін емес.

Қазіргі даму жағдайында Қазақстан алдында оның бай табиғи ресурстары, экономикалық даму және тиімді географиялық орналасу жағдайында еліміздің мұнай және көмір энергетика саласына ықылас аударуын ескере отырып, ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуға қол жеткізу мәселесі тұр және мұнда Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттері арасында парниктік газдарды қарқынды түрде шығаратынын ескерген жөн.

Соңғы екі он жылдықта қалыптасқан «жасыл экономика» тұжырымдамасы келесідей компоненттер арасында тиімді үйлесімділікті қамтамасыз етуші барлық мемлекеттер үшін қолайлы болып отыр – дамыған, дамушы және өтпелі экономикалық мемлекеттер. Көп мемлекеттер «жасыл экономиканың» түрлі құралдарын өздерінің ұлттық саясаттары мен стратегиялық дамуында қолданып отыр. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі БҰҰ даму бағдарламасы (ЮНЕП) 2008 жылы «жасыл экономика» жөнінде бастамашылықпен шықты, ол тиісінше қазіргі таңда ертенгі күннің экономикасын қалыптастырудың тарихи мүмкіншілігін пайдалану мақсатын алға қойды.

Соңғы уақытта дүниежүзілік экономикада инвестициялардың көпшілігі отын пайдалы қазбаларының түрлерін шығаруға, кіріктірмелі туынды қаржылық құралдары енгізілген қаржылық активтер мен жылжымайтын мүліктерге енгізілген. Сондай-ақ салыстыр-

малы түрде «жасыл экономиканың» келесідей негіздерін дамытуға аз қаражаттар жұмсалған:

- жаңғыртылмалы энергетиканы пайдалану;
- энерготімділікті арттыру;
- қоғамдық көлік жүйесін жаппай дамыту, тиімді және тұрақты ауылшаруашылығын құру, экожүйе және биоәртүрлілікті қорғау;
- топырақ, су және орманды сақтау.

Сонымен қатар халықаралық тәжірибе көрсеткендей, «Жасыл экономика» қағидасын кешенді енгізу табиғат қорғау мәселелерін шешуге ғана тиімді әсер етпей, сондай-ақ ол бірінші кезекте, кешенді тәсілдер мен шешімдерге ие болғандықтан жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуға оң әсер етеді. Жасыл экономика қажеттілігі ертеден орын алған, егер дүниежүзілік қауымдастық қазіргі кезде осы жол бойынша жүргісі келсе, онда оған жету үшін қолданылатын нақты мақсаттар мен іс-шаралар туралы келісуі қажет. Жасыл экономикаға өту: «жер шарының экологиялық шегі аясындағы барлығы үшін жақсы сапалы өмірді қамтамасыз етуші әділ және сенімді» қазіргі таңдағы дүниежүзі қауымдастықтың дамуының басым бағыты болып табылады [3].

Аталған мәселелерді шешу үшін экономикалық дамыған мемлекеттер өздерінің жана жасыл технологияларын беруі тиіс, ал дамушы мемлекеттер оларды енгізу үшін қолайлы жағдайлар қолдануы тиіс.

«Жасыл» экономика жоғары дәрежелі халықаралық форумдарда талқыланатын маңызды мәселе болып отыр. Экономикасы мұнай шығару және экспортқа негізделген мемлекеттер «жасыл даму» экономикалық моделінің өрлеуіне дәстүрлі түрде мүдделі емес деп есептеледі. Алайда Қазақстанда елдің нақты басшылыққа алатын түсінігі қалыптасқан, тиісінше «жасыл» экономиканы алға қарай дамыту – бұл тұрақты дамуды сақтаудың негізгі тәсілі және жолы деп көрсетілген. Сондай-ақ Қазақстанда өзге мемлекеттерде орын алмаған тарихи түрде қалыптасқан үлкен экологиялық мәселелер орын алған. Көп он жылдықтар ішінде Қазақстанда қоршаған ортаға экстремалды техногендік ауыр салмақтардың табиғат пайдаланудың шикізаттық жүйесі қалыптасқан. Сол себепті экологиялық жағдайдың түбегейлі жақсаруы орын алмады және ол әлі де биосфераның тұрақсыздануына, қоғам өмір сүруін қамтамасыз етуші қоршаған ортаның сапасын сақтап отыру

қабілетінің жоғалтуына алып келетін табиғи жүйенің нашарлауымен сипатталады. Таяудағы 20-30 жылда Қазақстан климаттың жаһандық өзгеру зардаптарына, яғни су жетіспеушілігі, құрғақшылық, шөлейттену және т.б. салдарлармен соқтығысуы мүмкін. «Жасыл» экономиканы дамыту тиісінше осы тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді төмендетуге септігін тигізеді. Бірақ осының өзінде мемлекет, экономика дамуы тиіс.

Сондықтан да «жасыл» экономиканы келер экологиялық өзгерістерді алдын алу мақсатында ғана емес дамыту қажет. Бұл – тек нақты әрекет ету жоспары, сірә, осы сынды мәселелерден құтқарудың жалғыз жолы. Өйткені «жасыл» экономиканың басты мақсаты болып халықтың тұрмыс сапасын жақсарту және әл-ауқаттылығын арттыру танылады. Қазақстанның «жасыл» экономикаға өтуінің басты себебі «РИО+20» саммиті болды, тиісінше онда маңызды нәтиже ретінде барлық мемлекеттер үшін «жасыл» экономикаға өту ұсынылды. «Жасыл экономиканы» алға жылжыту жөніндегі Қазақстан бастамасы болып экологиялық проблемаларды жаһандық деңгейде шешуді ұсыну танылды. Осыған орай, Қазақстан жаһандық экологиялық проблеманы халықаралық шешу процесінде және біздің ортақ үйіміз – Жер планетасын сақтау процесінде маңызды орынды иеленді. «Жасыл» дамуға өту келе жатқан энергияны қайта жандандыруға негізделген Үшінші индустриалды революцияға дайындыққа мүмкіндік береді.

«Бізге өзіміздің табиғи байлықтарымызға деген қарым-қатынасымызды қайта ойластыруымыз қажет. Адамзаттың түрткілену және дамуы үшін «жасыл экономикаға», яғни өндіріспен, тауар және қызметтерді бөлу және пайдаланумен байланысты экономикалық қызмет жүйесінде ұзақ мерзімді перспективада адамның әл-ауқатын арттыруға жеткізетін, соның ішінде, болашақ ұрпаққа экологиялық тәуекелдер мен экологиялық жетіспеушіліктер әсер етпейтін дамуға өту қажет [1].

Біз оларды дұрыс басқаруды үйренуіміз керек, оларды сатудан түскен кірістерді қазынаға жинауымыз қажет, ең бастысы еліміздің табиғи байлықтарын тұрақты экономикалық өсуге тиімді өзгертуіміз керек. Барлық дамыған елдер баламалы және «жасыл» энергетикалық технологияларға инвестицияны ұлғайтуда.

2050 жылға қарай алғанның өзінде оларды қолдану барлық тұтынылатын энергияның 50%-на дейін өндіруге мүмкіндік береді. Көмірсутегі экономикасының дәуірі бірте-бірте аяқталып келе жатқаны анық. Адамзаттың өмір тіршілігі тек бір ғана мұнай мен газға емес, энергияның жаңғыртылатын көздеріне негізделетін жаңа дәуір келе жатыр. Қазақстан жаһандық энергетикалық қауіпсіздіктің басты элементтерінің бірі болып саналады. Мұнай мен газдың әлемдік деңгейдегі аса ірі қорларын иеленетін біздің еліміз өзінің энергетикалық саладағы сенімді стратегиялық әріптестік пен өзара пайдалы халықаралық ынтымақтастық саясатынан бір қадам да кейін шегінбейтін болады».

«Жасыл экономика» ұғымы – бұл елдің әл-ауқатын көтеретін, әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ететін және қоршаған орта тәуелділігін төмендететін экономика. «Жасыл экономика» ұғымы әртүрлі тұрғыда, әр түрлі контексте анықталады және түсіндіріледі. Алғашынан-ақ «жасыл экономика» – елдің әл-ауқатын көтеретін, әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ететін және қоршаған орта тәуелділігі мен оның жүдеуін төмендететін экономика.

«Жасыл» экономиканың құрылуы – қазіргі таңда әлемдегі актуалды тақырып. «Жаһандық «жасыл» жаңа бағыт» мемлекеттің қысқа мерзімді мақсаттарының негізгі сапасы ретінде қалыптасқан және жаңа жұмыс орындарын құру мен сақтау, неғұрлым төмен қорғалған тұрғындар тобының мүдделерін сақтау кезінде әлемдік экономиканың қалыптасуын анықтап берді.

Табиғатты сақтау, тұрғындар өмірінің сапасын жақсарту, экономикалық прогреске қол жеткізу – бұл тамаша үш бірлікті мақсат. Нақты осы идеялар кең тарихи перспективадағы мемлекеттің жетістігі мен құндылықтарының көрсеткіші болып табылады.

«Жасыл экономикаға» өтуде көптеген мемлекеттерде салықтық ынталандыру қарастырылады және Қазақстанның мұндай стратегияға көшуін қарастыру кезінде «жасыл» ортаға» көптеген салымдар ағымын тарту үшін салықтық ынталандыруды қолдану қажет.

Жарияланған жаңа бағыттың күтілетін нәтижелері болып экономиканың «жасыл» негізде қалпына келтіруде табиғи ресурстарды әдеттен тыс қолданудың аса нашар салдарын

жою, экожүйе мен өзгерістердің жұтандануы, сондай-ақ кең сектордағы жоғары төлемді инновациялық жұмыс орындарын құру мен бекіту танылады. Себебі мемлекеттің экономикалық тұрақтылығының белгісі мен бірден-бір маңызды макроэкономикалық көрсеткіші болып жұмыспен қамту танылады. Экология, экономика және әлеуметтік мәселелердің өзара тығыз байланысы жалпылама түсінік болып келе жатыр. Ресурстимділік пен экологиялық таза өндірістің дамуына салымдардың бағытталуы, тұрақты энергия қауіпсіздігіне қол жеткізу, төмен деңгейдегі шығарындылармен жаңа өндірістік инфрақұрылымның құрылуы және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жұмыспен қамтудың жоғарғы потенциалын көрсетеді. Салымдар экономиканың қысқа мерзімді ластаушы, ескі саласына емес, өзекті мәселелердің шешімімен айналысатын экономиканың жаңа «жасыл» салаларына бағытталуы тиіс. Білім беру саласы тек белсенді «жасыл» фундаментальды және қолданбалы зерттеулерді жүргізумен ғана емес, сондай-ақ «жасыл» мамандықтардың мамандарын жаппай даярлау мен қайта даярлауды қамтамасыз етуі қажет. Орта квалификациялы адамдарға су құбырлары жүйесін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары – тағы бір жұмыс орнының құрылуының негізі. Экологиялық туризмді дамыту перспективасы ауқымды. Кейінгі ұрпақтың құрылыс саласы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді. Аз шығарынды көлік құралдары өндірісінің көптігі жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік береді.

Жаңа технологиялардың енгізілуі парниктік газдардың шығарындыларын төмендетуге мүмкіндік береді. Жаңартылатын жел, күнтермальдық және гидроэнергетиканың дамуы экологиялық қауіпсіз емес және өндірістің төмен тиімділігін алмастыруға көмектеседі. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын модернизациялау барынша энергия мен судың қолданылуын төмендетеді және тұрғын үй қауіпсіздігі мен сапасын көтереді, оны күтіп ұстау шығындарын төмендетеді. Жайылым ресурстарын тұрақты басқару жерлердің шөлейттенуімен күресуге көмектеседі, фермерлердің кірістерін көтереді және тұрақты етеді. Суды пайдалануды басқару жүйесін модернизациялау судың қалыптасқан көп мөлшерін жоғалтуды

төмендетуге мүмкіндік береді және ауылдық, коммуналдық шаруашылықтың тиімділігін көтереді.

Бүгінде Қазақстанда экономиканы «жасылдандыруда» нақты қадамдар жасалып жатыр – жел энергетикасы туралы, энергия үнемдеу туралы, өндірістік және қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату туралы заңдар қабылданған. «Жасыл» экономика қағидаларын секторлық және қоғамдық саясатқа қатысуын интеграциялау үшін ведомствоаралық Кеңес құрылды. «Жасыл экономикаға» өту кезінде көптеген елдерде салықтық ынталандыру қарастырылған және Қазақстанның мұндай стратегияға көшуін қарастыру кезінде «жасыл ортаға» көптеген салымдар ағымын тарту үшін салықтық ынталандыруды қолдануды ойлау керек [5].

2050 Стратегиясына сәйкес оның жүзеге асырылуы аясында Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға өтуін қамтамасыз ету жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарлама жобасын даярлау және оның жүзеге асырылуының құқықтық сүйемелденуін қамтамасыз ету қажеттілігі туындады.

Аталған мақсаттың қойылуы актуалдығымен және аталған мәселенің барлық әлемдік қауымдастықтардың, оның ішінде Қазақстан үшін қазіргі қажеттілігіне негізделген.

Аталған жобаның міндеттері:

1) қазіргі заманғы жағдайлардағы жасыл экономикаға өту саясатын ескеріп табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экологиялық тиімділігін қамтамасыз етудегі теоретикалық-құқықтық мәселелерін талдау;

2) «Жасыл экономикаға өту аясындағы Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі Тұжырымдамасы» жобасын зерттеу;

3) табиғи ресурстарды экологиялық тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды реттеу және мемлекеттік-құқықтық тетікті модернизациялау жөніндегі басқару ұсыныстарының ғылыми негізділігін даярлау;

4) шаруашылық қызметі процесінде «жасыл» инновациялық технологияларды енгізетін және қолданатын табиғат пайдаланушыларды экономикалық ынталандырудың мемлекеттік-құқықтық тетігі мен нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу және жетілдіру;

5) экологиялық талаптарды қаталдандыру бойынша ҚР-ның заңнамалары және жасыл әлемнің жаңа нормативтері мен стандарттарын орнатуда өзгерістер енгізу жобасын әзірлеу (ҚР экономикасының энергетикалық, азық-түліктік, ауылшаруашылық, су, жер және орман секторларында);

6) 2050 Стратегиясын тәжірибеде жүзеге асыру мақсатымен өндіріс және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу мен кәдеге асыру деңгейін көтеруде, қоршаған ортаға зиянды заттар мен парникті газдарға эмиссияны төмендетуде мемлекеттік-құқықтық тетікті әзірлеу;

7) баламалы және «жасыл» энергетикалық технологияларға ішкі және сыртқы ұзақ мерзімді салымдарды тарту бойынша Үкіметтік мемлекеттік мақсаттық бағдарламаны зерттеу;

8) жаңартылатын жел, күн термальдық және таза гидроэнергетикалық технологияларды енгізудің құқықтық тетігін өңдеу;

9) барша халықты, қоғамды «жасыл» экономикаға өту жағдайында қоршаған ортаны қорғау саласының қызметіне тарту мақсатымен экологиялық ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз етудің құқықтық жағдайын туындату;

10) «Құқықтық жалпы оқыту мен жасыл әлем жағдайындағы құқықтық мәдениет» туралы мемлекеттік Үкіметтік мақсатты бағдарламаның жобасын зерттеу болып табылады.

Жобаның жүзеге асырылуының негізгі қорытындысы болып Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға өтуі мен оның жүзеге асырылуын құқықтық сүйемелденуін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік бағдарламаны зерттеу танылады.

Жобаның жүзеге асырылуының негізгі бағыттары:

– экологиялық құқық теориясы саласындағы теоретикалық мәселелер кешенін зерттеу;

– қолайлы қоршаған ортаға адам құқықтарының қорғалуы мен кепілдендірілуі, қамтамасыз етілуі саласында конституциялық заңнамаларды қолдану тәжірибесі мен ерекшеліктерін, теоретикалық алғышарттарын талдау;

– мемлекеттік басқару теориясы саласындағы теоретикалық мәселелерді талдау мен экологиялық, азық-түліктік, энергетикалық және өзге де түлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік институттардың рөлін анықтау;

– кешенді институт ретінде қауіпсіздік теориясы мен ұлттық қауіпсіздік теориясын талдау;

– экологиялық қауіпсіздік саласын ынталандыру мен мәжбүрлеу, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үрдісіндегі экономикалық құралдардың рөлін талдау;

– діни терроризмге, экстремизмге және радикалдыққа қарсы әрекет ету мәселелері шешімдерін қылмыстық-құқықтық, криминалистикалық және қылмыстық-атқарушы аспектілерде талдау;

– халықаралық-құқықтық ортамен динамикалық дамитын ұлттық мүддені қазіргі заман жағдайында ұлттық заңнамаларды синхрондау жолымен қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық аспектілерін талдау.

Жобаның жүзеге асырылу тетігінің элементтері:

– эмпирикалық материалдарды жинау мен оның өңделуі, жинақталуы және жүйеленуі;

– әрекет етуші заңнамалар мен оның қолданылу тәжірибесін, оның ішінде уәкілетті және мемлекеттік органдар, соттар, қоғамдық бірлестіктер мен халықаралық құрылымдар қызметінде қолданылуын оқу және талдау;

– қолда бар арнайы отандық және шетелдік әдебиеттерді, есеп беру материалдарын талдау және қоршаған орта министрлігі мен Ауыл шаруашылық министрлігінің, БҰҰ бағытының халықаралық комиссиялары мен ұйымдарының қызметінің тәжірибесін жинақтау;

– ғылыми мақалалардың жариялануына дайындық;

– Қорытынды ұжымдық монографияның жариялануына дайындық;

– жасыл экономикаға өту аясындағы Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі Тұжырымдамасы жобасына дайындық;

– баламалы және «жасыл» энергетикалық технологияларға ішкі және сыртқы ұзақ мерзімді салымдарды тарту бойынша үкіметтік мемлекеттік мақсаттық бағдарламаны даярлау;

– тиісті салаларда салалық заңнамалардың жүзеге асырылуы, оның қолданылу тәжірибесі мен мемлекеттік саясаттың концептуалды бағдарламалық құжаттары бойынша нақты ұсыныстар кешенін даярлау;

– халықаралық және республикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер мен әдістемелік семинарларды ұйымдастыру және өткізу;

– уәкілетті мемлекеттік органдармен, құрылымдармен өзара әрекеттестік болып табылады. қоғамдық бірлестіктермен және халықаралық

Әдебиеттер

- 1 «Қазақстан–2050» Стратегиясы.
- 2 <http://www.bnews.kz/ru/news/post/115725/>
- 3 Коалиция по Зеленой Экономике: <http://www.greenecomomycoalition.org>
- 4 Программа партнерства «Зеленый Мост» Седьмая Конференция министров "Окружающая среда для Европы". – Астана, Казахстан 21-23 сентября 2011 года
- 5 www.kazpravda.kz/print/1348013533

References

- 1 "Kazakhstan–2050" Strategiyasy.
- 2 <http://www.bnews.kz/ru/news/post/115725/>
- 3 The Coalition for a Green Economy: <http://www.greenecomomycoalition.org>
- 4 Partnership Program "Green Bridge" Seventh Ministerial Conference "Environment for Europe" in Astana, Kazakhstan 21-23 September 2011.
- 5 www.kazpravda.kz/print/1348013533